



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Бексұлтанова Динара

dinara.beksultanova@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Аймақтану мамандығының студенті

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Қ.Ғ.Даркенов

1991 жылдың 21 желтоқсанында Алматыда 11 мемлекет Алматы Декларациясына қол қойды. Онда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы құрылып, посткеңестік мемлекеттер басшыларының саммитінде жойылып бара жатқан супердержаваның аласапыранды ыдырауының қауіпті үдерісі тоқтатылды. [1]

Қазақстанның және бұрынғы Одақтың өзге республикаларының көптен күткен тәуелсіздікке ие болуының қуанышты сезімі КСРО-ның ыдырауымен туған қиыншылықпен астасып жатты. Ол кезеңде саяси дағдарыс экономиканы одан бетер тұқырта түсті. Бұрын болған біртұтас шаруашылық механизмі күйреп жатты. Жекелеген кәсіпорындар ғана емес, бүгіндей салалар тоқтады. Көптеген адамдар жұмыссыз және күнкөріске қажетті қаржысыз қалды. Электрсіз қалған қалалардағы пәтерлердің терезелері үңірейген қара қуыстарға айналды, қарапайым жылу да болған жоқ. Мұндай көрініс іс жүзінде бұрынғы Одақтың барлық өңірлеріне де тән болды.

Осындай жағдайда экономикалық дағдарыстан шығудың және дамудың жолы мемлекетаралық экономикалық одақ құру еді.

Н.Ә.Назарбаев 1994 жылы 29 наурызда Мәскеуге арнайы сапары Кезінде М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің профессор-оқытушылар құрамымен және студенттермен кездесуі болды.

Қазақстан Президенті Н.Назарбаев ТМД кеңістігінде сапалық жаңа интеграциялық бірлестік – Мемлекеттердің Еуразиялық Одағын құруды тұңғыш рет ұсынды. ЕАЭО құрудың қажеттілігі мен оның мақсатын айқын көрсету барысында Елбасымыз өзінің Еуразияшылдыққа деген көзқарасын төмендегі принциптерге негіздеп көрсетті:

Біріншіден, мәдени және өркениеттілік факторлардың маңызын теріске шығармай-ақ, ең алдымен, экономикалық прагматизм негізіндегі интеграцияны құруды ұсыну;

Екіншіден, әрбір мемлекет пен қоғам жаһанданушы әлемде өзіндік болмысқа шексіз бас ұра берушіліктің және өз шекараларында тұйықталып қалудың мағынасы жоқ екендігін түсінуге дербес келе отыра, ерікті интеграцияға бой бұру;

Үшіншіден, Еуразиялық Одақты мемлекеттердің теңдік, бір-бірінің ішкі ісіне араласпаушылық, егемендік пен мемлекеттік шекаралардың қол сұғылмастығын құрметтеу қағидаттары негізіндегі бірлестік ретінде көру.

Төртіншіден, Еуразиялық Одақтың әрбір мүше елдің мүдделерін ескеретін, нақты да шынайы өкілеттіктерге ие, консенсус негізінде іс-қимылдар жасайтын ұлтүстілік органын құру.

Жоғарыда көрсетілген принциптерді негізге ала отырып, бұл идеяның басты мақсаттарын атап айтуға болады, олардың бірі – Одақтас мемлекеттер экономикасын бірлесе жаңғырту және бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін елдердің әрқайсысының мүмкіндіктерін біріктіру.

Еуразиялық идеяның бастау көзінде XX ғ. 20-шы жылдарындағы П.Н.Савицкий, Н.С.Трубецкой, Г.В.Флоровский, П.П.Сувчинский көзқарасы жатты. 20-шы жылдардағы орыс эмигранттарының идеясы мен Л.Н.Гумилевтің оны одан әрі терең дамытуын «еуразиялық бірлестік» даму мүмкіндігі екендігін біздің Президент Н.Назарбаев терең білді.

2014 жылдың 29 мамырында Астанада Тәуелсіздік сарайында ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев, РФ Президенті Владимир Путин, Беларусь Республикасының Президенті Александр Лукашенко Еуразиялық экономикалық одақ құру туралы шартқа қол

қойды [2].

Президент Н. Назарбаев «...посткеңестік кеңістіктегі бұл жобаның түрлі аспектілерін дамыту мен нақтылауды жалғастыруға дайын екендігін білдірсе [3], Президент В. Путин «заманауи әлемнің полюстерінің бірі болуға лайықты қауқарлы ұлтаралық құрылым» деген пікір білдірді [4].

Қарастырылып отырған мәселені терең түсіну үшін экономикалы зерттеуде кең қолданылатын **SWOT анализ** әдісімен талдаймыз. ЕАЭО және оның Қазақстан үшін күшті, тиімді жақтарын айталық.

- еуразиялық интеграция идеясын қолдаушылар – кеңістікте 170 млн адамдық нарық қалыптасады, Қазақстанға өз өнімін сыртқа еркін шығаруға жол ашады деп санайды. Теориялық тұрғыдан бұл Қазақстан үшін өңдеуші өнеркәсіптің экспорттық салаларының өсуіне серпін болу керек. Бұл Ресей шекарасына жақын орналасқан қазақстандық облыстардың бизнесіне жақсы болашақ ашады деп есептейді.

- біріңғай нарық аясында қажетті жұмыс күшін тартуға болады. Ол маңызды өнеркәсіп салаларын дамытуға жол ашады.

- Қазақстан үшін ең бастысы, Беларусь және Ресеймен сыртқы сауда көлемінің артады.

- ІЖӨ өседі, оның қарқыны жыл сайын көтеріледі.

- бәсекелестік пен өнім сапасының артады.

- жаңа жұмыс орындарының ашылады.

- халықтың тұрмыс жағдайының жақсаруы әлеуметтік тұрақтылық пен демографиялық өсімді арттыруы тиіс.

ҚР статистика агенттігінің ақпарынша, егер дағдарысты 2008 бен 2009 жылдарда Қазақстанның Ресеймен сыртқы сауда көлемі сәйкесінше, \$20 және \$12,4 млрд болса, онда 2010 жылы ол \$17,4 млрд-ға дейін жеткен, ал бір жылдан кейін - \$22,3 млрд. болған. Бұл ретте 2012 және 2013 жылдары жақсы көрсеткіш сақталды. Бұл жылдары Қазақстанның РФ-мен сыртқы сауда айналымы, сәйкесінше \$23,1 және \$23,5 млрд. болды [5].

Алайда Еуразиялық интеграцияның тиімді жақтарымен бірге, Қазақстан үшін тиімсіз, кері салдары да бар. Бұл Қазақстанның **әлсіз жақтары**.

Қазақстанның әріптестерімен сыртқы сауда айналымының артуымен қатар импорт экспорттан артып кетті. Сондықтан, Қазақстан экономикасы үшін экспортының төмен, ал импорттың жоғары болуы қауіпті.

Статагенттіктің ақпарынша, Қазақстанның әріптестерімен саудасы 2012 жылы 1,4%-ға артып \$24,2 млрд-ға жетсе, бұл ретте экспорт 5,9%-ға төмендеп, \$5,9 млрд құраған, ал импорт 4%-ға артып, \$18,3 млрд. құраған. Қазақстанның Беларусь және Ресеймен саудадағы кері сальдосы \$12,4 млрд-ға жетті. Бұдан шығатын қорытынды Қазақстан әріптестеріне шығарған өнімі арқылы \$5,9 млрд. сырттан әкелсе, керсінше олардан келген импорт үшін \$18,3 млрд. қаржы шығындады. Әрине, бұл Қазақстанға тиімсіз.

- статагенттік мәліметтері көрсеткендей, қазақстандық бизнес біртұтас нарықта беларусьтармен, бірінші кезекте ресейліктермен бәсекеге дайын болмай шықты. Қазақстан жыл өткен сайын оларға өз позицияларын беріп отыр. Сондықтан Қазақстан үшін ЕАЭО тиімсіз деген пікір бар.

- ЕАЭО-ғы әріптестеріне және басқа да елдерге бағытталған қазақстандық экспорттың түрі шикізаттық сипатта.

- Қазақстанға импортталатын тауарлар - тұтыну тауарлары. Ресей мен Беларусьтан және басқа елдерден тұтыну тауарларының көп келуі қазақстандық өнеркәсіптің дамуына тежеу салады.

- Қазақстанда ғылымға негізделген жаңа инновациялық технология дамымауда. Бұл тұрғыда Қазақстан әріптестерімен бәсекеге түсе алмайды.

ЕАЭО құрамындағы Қазақстанның **«мүмкіндігі қандай?»** деген сұрақ бұл мәселені зерттеуші ғалымдардың, экономистердің ғана емес, әр сала мамандары арасында және қазақстандық тұрғындар арасында да жиі қойылуда. Осыған қатысты мына пікірлер өте маңызды.

- Қазақстан Ресей Федерациясы және Беларусь территориясы арқылы, басты экспорттық өнімі мұнай мен газды тасымалдай алады.

- ЕАЭО құрамындағы әріптестерінің көлік, логистикалық инфрақұрылымын транзиттік мақсатта, өз өнімін тасымалдау үшін пайдалана алады. Бұрыннан қолданыстағы мұнай, газ құбыры жүйесін де пайдалануға мүмкіндік алады.

- әріптестерімен өзара келісу арқылы тиімді ортақ баға саясатын жүргізеді. Өз экономикасын дамыту барысында ұлттық мүдде тұрғысында сыртқы сауда саясатын либеризациялауды жүзеге асыру.

- ірі трансұлттық жобаларды дайындау мен жүзеге асыру барысында салалық сипатта капиталдың, жұмыс күшінің, технологияның және қызмет көрсетудің еркін қозғалысқа түсуі мен қолданысқа енуін қамтамасыз етеді.

- экономикалық қызмет саласында бірігу тенденциясының күшеюімен қатар, еңбек өнімділігінің өсуі мүмкін. Бұл Қазақстанның жаңа сапалық деңгейге көтерілуіне мүмкіндік береді.

- өзара бәсеке негізінде Қазақстанда ғылыми-техникалық прогресс интенсивті сипат алуы мүмкін. Өндірісті индустриаландыру, жаңа технологиялардың қолданысқа енуі шапшаңдайды. Жаңа өндіріс салалары пайда болып, дамиды.

- салалық сұранысқа ие мамандар дайындау мен маман алмасу жеделдейді. Әртүрлі сипаттағы кедергілер жойылады өзара тәжірибе алмасу, біліктілікті арттыру жұмыстары жүзеге асырылады.

- әріптестер арасында оның ішінде Қазақстанда да құқықтық-нормативті базалары бірыңғайланады, өзара үйлестіріледі, халықаралық құжеттармен сәйкестендіріледі. Бұл Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа ену үрдісін шапшаңдатады.

- экономикалық интеграциялық үдеріс жылдам дамиды, Қазақстан 170 млн. адамдық рынокқа шығуға мүмкіндік алады.

Еуразиялық экономикалық одақтың құрылуына және оның құрамына Қазақстанның кіруіне байланысты және оның *қауіпне* қатысты саясаткерлер мен мамандар арасында әртүрлі пікір айтылды. Кезінде Кедендік одақтың құрылуына байланысты АҚШ пен ЕО елдері тарапынан сын пікірлер айтылғаны белгілі. «...сыни көзқарастарда кедендік одақтың құрылуы, оның мүшелерінің одақ мүддесіне жауап берудің орынына, олардың жеке қызығушылықтары арасында қайшылықтарды туындатты» деген пікір сипатында болды [6].

ЕАЭО – ты батыс Кеңес Одағын қайтадан қалпына келтіруге жасалып жатқан қадам деп қауіптенетіні анық. АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Хилари Клинтон: «Біз аймақтың (посткеңестік) қайтадан «советтенуге» бет алғанын байқап отырмыз. Біз бұл мәселені барынша баяулатудың немесе тоқтатудың тиімді тәсілдерін табуға барынша тырысатын боламыз» [7] деп мәлімдеді.

- батыс әлемі және бұрынғы КСРО құрамында болған елдер тұрғындарының Кеңес Одағын қайта жаңғырту ма деп қауіптенетіні анық.

- Кеңес Одағы қайта қалпына келтіру мүмкін болмағанның өзінде бұл – экономикалық одақтан келешекте саяси одаққа айналуы мүмкін бе деген де қауіп бар.

- Қазақстан үшін Ресей мен Беларусьтің экономикалық басымдылығы алдағы уақытта бұрынғыдан да күшейіп Қазақстан экономикалық тұрғыда әріптестеріне кіріптар болып, экономикалық тәуелділікке түседі ме деген қауіп бар.

- Ресей мен Беларусь тарапынан экспорттың Қазақстанға соңғы жылдары өсуі, осы жағдайдың сақталуы және қазақстандық өнеркәсіп салаларының бәсекеге төтеп бере алмауы, қазақстандық өнеркәсіптің дамуына тежеу болуы мүмкін.

- ЕАЭО елдерінде шығарылатын өнімді Қазақстанның басқа елдерден арзанға немесе өзіне тиімді бағамен алуына және олармен еркін сауда экономикалық байланыстар орнатуына, жандандыруына әріптестерінің қарсылық білдіруі мүмкін деген қауіп бар.

- Қазақстан әріптестерінің оның ішінде Ресейдің ықпалынан шыға алмай өз экономикасын диверсификациялап, шапшаң дамыта алмауы және ұнайға тәуелділікте қалуы мүмкін деген қауіп бар.

Сөзімді Елбасымыздың айтқан сөзімен қорытындыласам, «Бұрын да айтқанмын, тағы да қайталаймын, ұйымның саясилануына жол берілмейді. Шекара қорғау, миграциялық саясат, қорғаныс және қауіпсіздік жүйесі секілді бағыттар, сонымен қатар, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, азаматтық, әкімшілік және қылмыстық құқық салаларының ешбірінің бұл экономикалық интеграцияға қатысы болмайды. Тәуелсіз мемлекет ретінде біз барлық мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен белсенді қарым-қатынасымызды жалғастыра береміз және одақ бұл тұрғыда бізге кедергі келтірмеуі тиіс». [8]

Яғни, көріп отырғанымыздай, Еуразиялық экономикалық одақ қазіргі кезеңде әлемді шарпыған экономикалық дағдарысқа қарамастан, посткеңестік кеңестіктегі қолайлы даму жолы болып отыр және деқұрамындағы мүше елдерінің дамуы мен интеграцияның тереңдеуіне ықпал етуде. Ол келешекте Қазақстанның әлемдік кеңістікте ықпалды, қуатты мемлекетке айналуына мүмкіндік тудырады деген сенімдемін.

Қолданылған әдебиеттер

1. Еуразиялық одақ: идеядан болашақтың тарихына. "Ақиқат", 30 қараша 2011 <http://akikatkaz.kz/?p=300>
2. Панфилова В. Договор о создании Евразийского экономического союза подписан. Интернет-журнал «Новое Восточное Обозрение». Источник: <http://ru.journal-neo.org/2014/06/03/rus-dogovor-o-sozdanii-evrazijskogo-e-konomicheskogo-soyuza-podpisan/>. Астанада Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа қол қойылды. <http://news.nur.kz/315515.html>
3. Н. Назарбаев. «Евразийский Союз: от идеи к истории будущего» // Известия. — 25.10. 2011.
4. Путин В. «Новый интеграционный проект для Евразии — будущее, которое рождается сегодня» // Известия. — 03.10.2011.)
5. Қазақстан үшін Еуразиялық одақтың пайдасы мен қауіптері. 23 маусым 2014 <http://azh.kz/kz/news/view/11610>
6. Ерімбетова Қ.М. Еуразиялық ынтымақтастық бастаулары: идеядан игілікті іс-қимылға бетбұрыс. <http://e-history.kz/kz/contents/view/2083>
7. Еуразиялық экономикалық одақ бізге не береді? <http://ras.kz/?p=2516>
8. Еуразиялық экономикалық интеграция сабақтары. <http://e-history.kz/kz/contents/view/2080>

УДК 327: 626.81 (262.81)

КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ БӨЛІНІСІ

Бисенбаева Аякөз Бисенбайқызы

bissenbaeva@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Аймақтану мамандығының студенті

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ш.А. Шадаева

«Су – тіршілік көзі», қазіргі уақытта бұл аксиомаға айналғандай, бұған себеп те түсінікті, Жер шарының басты элементтерінің бірі – су ақиқатында жаңартылмалы ресурс, алайда бүгінгі күні су мәселесінің жаһандық деңгейдегі өзектілігімен ешкім сөз таластырмайды, керісінше бұл бағыт ашық түрде қаралып, сан түрлі зерттеулер жүргізіліп те жатыр. Су ресурстарының Жер бетінде біркелкі бөлінбеуі және халық санының жаппай өсуі, ХХІ ғасырдың маңызды мәселелерінің бірі – су жетіспеушілігін тудырды. БҰҰ әрбір 3 жылда басып шығаратын баяндамасына сүйенсек, Жер шары су апаты алдында тұр, өйткені Жердегі әрбір 10шы адамға, яғни 1 млрд. адамға су тапшы, ал 7 миллиардтық Жер шарының 2 млрд. адамы ластанған ауыз суын пайдалануға мәжбүр [1]. Сол себепті болса керек